# Өкілдік және сенімхат

Орындағандар: Нәдірәлі Дәмелі
Жумадилова Маржан
Блисбек Адия
Жолдас Айдос
Тобы: Менеджмент-341



Азаматтық құқықта бір адамның екінші адамның атынан жасаған мәмілелері немесе басқа да заңдық маңызы бар әрекеттері (мысалы, сотқа талап-арыз беру немесе сот отырысына қатысу) тікелей екінші адам үшін азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызатын, өзгертетін немесе тоқтататын құқықтық қатынастар **өкілдік** деп аталады. Өкілдің өкілдік беруші адамның мүддесіне заңдық мәмілелер жасауы өкілдіктің елеулі қызметі болып табылады. Бұл АК-ның өкілдікке анықтама беретін 163-бабында тікелей баянды етілген.

# Өкілдік қатынастардың субъектілері.



өкілдік беруші адам арқылы құқықтар мен міндеттерді белгілеу үшін - өкілдің;



өкілдік беруші адаммен қатынас орнату үшін - үшінші адамның;



өкіл арқылы мәміле жасауға өз келісімін ертерек немесе кешірек беру үшін - өкілдік берушінің еркі болуы керек.

# Өкілдік өкілеттіктер.



Өкілдің жасауына рұқсат етілген мәмілелер ауқымын өкілеттік деп атайды. Өкілеттік өкіл үшін ғана емес, сондай-ақ оның өкілдік берушінің атынан құқықтық қатынас орнататын адамдары үшін де міндетті, өйткені кейін оларды өкілдік беруші мақұлдайтын жағдайлардан басқа реттерде өкілеттігі жоқ немесе өкілеттігі көп өкілдік заңдық салдар туғыза алмайды.Өкілдің өкілеттігі, әдетте, өкілдікке негіз болған заңдық фактінің мазмұнынан туындайды.

**Заң** немесе **шарт өкілдіктің** пайда болуы :



Заң арқылы пайда болатын өкілдік заңды немесе қажетті өкілдік деп аталады.

Шарттың негізінде пайда болатын өкілдік шарттық немесе ерікті өкілдік деп аталады.

# Коммерциялық өкілдік

Кәсіпкерлер өкілдік беруші адаммен еңбек қатынастары жоқ, өкілдік беруші адаммен жазбаша түрде жасасқан шарттың негізінде жұмыс жүргізетін, өзінің қызметі үшін сыйақы алатын және өзіне берілген тапсырманы орындауда әдеттегі кәсіпкердің қамқорлығындай әрекет етуге міндетті кәсіпкерлік қызмет саласында шарт жасасуда кәсіпкерлердің атынан ұдайы және өз бетінше әрекет ететін адам *коммерциялық өкіл* деп танылады.



# Сенімхат



**Сенімхат** дегеніміз бұл - бір адамның (сенім білдіру шінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші (сенім білдірілген) адамға берген жазбаша уәкілдігі (АК-ның 167-бабының 1-тармағы). Жеке жазбаша құжат - сенімхат біржақты мәміле болып табылады.

Сенімхат формасы

- Жай хат
- Нотариалдық

# Нотариалды куәландырылған сенімхатты берудің Азаматтық Кодексте екі жағдайы қарастырылған:





1) мүлікті басқаруға арналған сенімхат;

2) мәміле жасауға арналған сенімхат (мысалы, сатып алу-сату мәмілесін жасауға арналған)..


Қайта сенім тапсыру
Сенімхат күшімен;
Өкіл берушінің мүддесін қорғау үшін өкілдікті жақсы білетін адамға сеніп тапсыру;

## Сенімхаттың тоқтатылуы

- Мерзімнің бітуі;
- Осы көрсетілген мәселелер шешілгенде;
- Өкілге сенбейтін жағдайларда ;
- Өкіл өз бетімен бас тартқанда;
- Өкілдік беруші қайтыс болса;
- Өкіл қайтыс болса;
- Өкілдің немесе өкіл берушінің Ақыл есі ауысса;
- Басты мекемелер жабылса;

# Назарларыңызға рахмет!